



28.06.2024 **ШЕШІМ**

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**  
187/24-VIII

№

город Астана

**Астана қаласы мәслихаты  
сегізінші сайланымының  
жиырма төртінші сессиясының  
күн тәртібі туралы**

1. Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жөніндегі есебі.

2. «Астана қаласының құрметті азаматы» атағын беру туралы.

3. «Астана қаласының құрметті азаматы» атағын беру туралы.

4. «Астана қаласының құрметті азаматы» атағын беру туралы.

5. «Астана қаласының құрметті азаматы» атағын беру туралы.

6. Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі туралы.

7. «Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы № 84/10-VIII шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

8. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

9. «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 303/38-VII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

10. «Астана қаласының аудандық аумақтық сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 129/16-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

11. «Астана қаласының учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 130/16-VIII шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

12. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның құрамы туралы.

13. Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның құрамы туралы.

14. Астана қаласы әкімдігінің тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы туралы.

15. «Астана қаласы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 22 қыркүйектегі №230/31-VII шешіміне толықтырулар енгізу туралы.

16. Қалалық мәслихаттың сессияларында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстардың орындалу барысы туралы.

17. Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселелер туралы.

Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы



Е. Каналимов